

Тлеухан Р.Қ.

заң ғылымдарының докторы,
Каспий университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
e-mail: ramazan.tleukhan@gmail.com

ЭКСТРЕМИЗМ: ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында терроризм мен экстремизм қатерінің өрши түсуі жағдайларындағы мемлекеттің қауіпсіздік ахуалы әлемнің дамыған елдердің бірі ретіндегі одан әрі дамуы мен қалыптасуы оның күші мен қабілеттігінің өлшемі болып белгіленді. Әлемде болып жатқан геосаяси өзгерістер ұлттық қауіпсіздік саласында неғұрлым түрлене бастаған және үлкен қауіптілік көздері тарапынан болатын сын-қатерлер мен тәуекелдердің жаңа спектріне бастамашылық етеді. Діни экстремизм мен терроризм қатерлерінің жүйелі алдын алу аясындағы міндеттердің күрделілігі мен өзектілігі осыған негізделген. Осы жағдайларда қолданыстағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың жалпымемлекеттік жүйесі жеке адамды, қоғамды және мемлекетті экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық көріністерінен және терроризм қатерінен сенімді қорғау тетігін құру аясында одан әрі жетілдіруді қажет етеді деп түсіндірді. Мақалада экстремизмнің қылмыстық құқықтық және криминологиялық сипаттамалары көрсетілген. Экстремизмнің пайда болуы, белгілері және түрлеріне анықтамалар берілген. Мақалада ғалымдардың діни экстремизм туралы пікірлері, тұжырымдары қарастырылған. Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша экстремистік іс-қимылға қарсы тұру, олардың алдын алу мәселелері қарастырылған.

Түйін сөздер: экстремизм, діни экстремизм, терроризм, қылмыс, жауаптылық, радикализм, қылмыстылық, экстремистік ұйымдар.

Tleukhan R. K.

doctor of law, Caspian University, Kazakhstan, Almaty,
e-mail: ramazan.tleukhan@gmail.com

Extremism: legal-criminal and criminological aspects

President Of The Republic Of Kazakhstan N.Ah. Nazarbayev in his Address to the people of Kazakhstan «the Third modernization of Kazakhstan: global competitiveness» noted that in conditions of increased threat of terrorism and extremism, the security of the state is an indicator of further development. Terrorism and extremism have become a truly global threat and one of the global problems of our time. The number of terrorist and extremist groups is growing, but they are less likely to take responsibility for terrorist attacks and statements. All this destroys the possibility of cooperation, partnership, constructive dialogue, compromise, break the age-old ties between the most fraternal peoples, countries and Nations. Relations begin to be based on cruelty and brute force, human life and such important socially significant values as humanity, friendship, mercy, tolerance, ability to listen and forgive each other are devalued. The term «extremism «is broader than the term»terrorism». Terrorism can be defined as a consequence of extremism. Under the extremism in a broad sense to understand the system of beliefs, opinions, values, estimates, characterized by adherence to extreme measures, radicalism, intolerance of excellent opinions and values and their negation. Large geopolitical changes in the world increase the source of danger in the field of national security. The complexity and relevance of tasks based on systemic risks in the prevention of religious extremism and terrorism. Under these conditions, the current religious extremism and counter-terrorism system of the national individual, society and state from the nature of extremist violence, which requires further improvement in the creation of a mechanism for reliable

protection against the threat of terrorism and extremism. The article is devoted to the criminal-legal and criminological characteristics of extremism. Questions of emergence of extremism are considered, signs and types are defined. The article deals with the scientific views of scientists on religious extremism. At the same time, measures of counteraction and prevention of extremism under the legislation of the Republic of Kazakhstan are considered.

Key words: extremism, religious extremism, terrorism, crime, responsibility, radicalism, crime, extremist organizations.

Тлеухан Р.К.

доктор юридических наук, Каспийский университет, Казахстан, г. Алматы,
e-mail: ramazan.tleukhan@gmail.com

Экстремизм: уголовно-правовые и криминологические аспекты

Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев в своем Послании народу Казахстана «Третья модернизация Казахстана: глобальной конкурентоспособности» отметил, что в условиях повышенной угрозы терроризма и экстремизма безопасность государства – это, показатель дальнейшего развития. Терроризм и экстремизм стали поистине глобальной угрозой и одной из глобальных проблем современности. Количество террористических и экстремистских групп растет, они все же реже берут ответственность за теракты и заявления. Все это уничтожает возможность сотрудничества, партнерства, конструктивного диалога, компромисса, разрывают вековые связи между самыми братскими народами, странами и нациями. Отношения начинают основываться на жестокости и грубой силе, обесценивается человеческая жизнь и такие важные социально значимые ценности как человеколюбие, дружба, милосердие, толерантность, умение слушать и прощать друг друга. Понятие «экстремизм» шире, чем понятие «терроризм». Терроризм можно обозначить как следствие экстремизма. Под экстремизмом можно в широком смысле слова понимать систему взглядов, суждений, ценностей, оценок, отличающуюся приверженностью к крайним мерам, радикализму, нетерпимостью к отличным мнениям и ценностям и их отрицанием. Большие геополитические изменения в мире повышают источник опасности в области национальной безопасности. Статья посвящена уголовно-правовой и криминологической характеристике экстремизма. Автором рассмотрены вопросы возникновения экстремизма, определены признаки и виды, научные взгляды ученых по вопросам религиозного экстремизма, а также меры противодействия и предупреждения экстремизма по законодательству РК.

Ключевые слова: экстремизм, религиозный экстремизм, терроризм, преступление, ответственность, радикализм, преступность, экстремистские организации.

Кіріспе

Қазақстан Републикасының Конституциясының 14-бабында: тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкілік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне байланысты немесе кезкелген өзге жағдаяттар бойынша ешкімді ешқандай кемсітуге болмайды делінген. Ал 19-бабында: әркім өзінің қай ұлтқа, қай партияға, және қай дінге жататынын өзі анықтауға және оны көрсетуге-көрсетпеуге хақылы делінген (<http://online.zakon.kz>).

Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында терроризм мен экстремизм қатерінің өрши түсуі жағдайларындағы мемлекеттің қауіпсіздік ахуалы әлемнің дамыған елдердің бірі ретіндегі одан әрі дамуы мен қалыптасуы оның күші мен қабілеттігінің өлшемі болып белгіленді.

Әлемде болып жатқан геосаяси өзгерістер ұлттық қауіпсіздік саласында неғұрлым түрлене бастаған және үлкен қауіптілік көздері тарапынан болатын сын-қатерлер мен тәуекелдердің жаңа спектріне бастамашылық етеді. Діни экстремизм мен терроризм қатерлерінің жүйелі алдын алу аясындағы міндеттердің күрделілігі мен өзектілігі осыған негізделген. Осы жағдайларда қолданыстағы діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың жалпы мемлекеттік жүйесі жеке адамды, қоғамды және мемлекетті экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық көріністерінен және терроризм қатерінен сенімді қорғау тетігін құру аясында одан әрі жетілдіруді қажет етеді деп түсіндірді (Мемлекет басшысы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік»).

Қазақстан Республикасының 1267 және 1988 санкциялық комитеттерге төрағалық етуі Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше мемлекеттердің «ДАИШ», «Әл-Каида» және «Талибан»

террористік ұйымдарына қарсы іс-қимыл бойынша күш-жігерін нығайтуға себепші болды. Өңірлік қауіпсіздік арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы орталығымен, Шанхай ынтымақтастық ұйымының Өңірлік терроризмге қарсы құрылымымен, Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымымен және Біріккен Ұлттар Ұйымы Есірткі және қылмыс басқармасының, Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымы мен Қазақстан Республикасындағы Еуропалық Одақ өкілдіктерімен белсенді өзара іс-қимылымен қамтамасыз етілген.

Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес діни бірлестік дегеніміз – Қазақстан Республикасы азаматтарының, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз мүдделерінің ортақтығы негізінде діни қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен біріккен ерікті бірлестігі (Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы).

Дегенмен, азаматтардың экстремистік сипаттағы зорлық-зомбылық акциялары мен терроризмге әкелетін радикалдану проблемасы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне шын мәнінде қауіп төндіруде.

Сирия-Ирак аймағындағы жеңілістен кейін экстремистік және террористік әрекет субъектілерінің өз қатарын жаңа рекруттармен толтыруға, қосымша қаржыландыру арналарын және көмекші инфрақұрылым қалыптастыруға аса қажеттілігі бар.

Соңғы төрт жылда экстремистік белсенділік аймағына 440 қазақстандық рекруттың баруына жол берілмеді (2014 жылы – 136, 2015 жылы – 151, 2016 жылы – 91, 2017 жылы – 62). Қабылданған шараларға қарамастан біздің елдің азаматтарының шетелде экстремистік әрекеттерге қатысу проблемасы өзекті болып қалуда.

Жауынгерлердің шыққан елдеріне қайтып оралу процестері аса қауіп төндіруде. Халықаралық экстремистік ұйымдардың лагерьлерінен, сондай-ақ үшінші елдерде тірек және транзиттік инфрақұрылымнан Қазақстанның 125 азаматы қайтарылды не болмаса өздері оралды, олардың 57-сі террористік және экстремистік әрекетке қатысқаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды.

Радикализм мен экстремизм идеяларын қарқынды насихаттау арқылы қазақстандық қоғам

санасында конфессияаралық өшпенділік пен алауыздықты ушықтыруға алып келетін, зорлық-зомбылық экстремистік және террористік акцияларды бастауға қабілетті идеялар мақсатты түрде қалыптастырылуда.

Интернетте орналастырылатын террористік ұйымдардың ақпараттық-насихат материалдарының техникалық, көркемдік және психологиялық мазмұны сапасының артқаны байқалады. Әлеуметтік желілерді пайдалану халықаралық террористік ұйымдардың эмиссарларына өз аудиториясын айтарлықтай кеңейтуге, жүргізілетін үгіт-насихатты жүйелі негізге ауыстыруға мүмкіндік береді. Интернеттің және әлеуметтік желілердің пайдаланушыларын экстремизмді насихаттау әсерінен оқшаулау мақсатында ақпараттық кеңістікке Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына қатысты мониторинг жүргізіледі. Интернетте және әлеуметтік желілерде терроризм мен экстремизмді насихаттайтын 620 мыңнан астам материал (2015 – 150 мың, 2016 – 700 мың) бұғатталды.

Жекелеген санаттағы отандастарымыздың санасына радикалдық идеялар мен экстремистік көзқарастарды енгізу олардың агрессияның шекті нысандарын көрсетуіне себеп болды, сондай-ақ патриоттық сезім мен ұлттық бірегейлік, мәдени-адамгершілік және отбасы құндылықтарынан айрылуына алғышарт жасады. Бұл процестердің бақылаусыз дамуы радикалдық идеяларды ұстанатын адамдар санының көбеюіне, қоғамда зорлық-зомбылықтың ушығуына алып келеді.

Халықаралық террористік ұйымдар радикалдық идеяларды тарата отырып, қоғамға қарсы көңіл-күйді, қазақстандық қоғамды конфессиялық белгісі бойынша жіктеуге, ұлттық және діни ауызбіршілікті «ажыратуға» арандатады. Аталғандар 2016 жылы Ақтөбе және Алматы қалаларында орын алған қайғылы оқиғалармен расталады. 2014 жылдан бері 30 террористік акцияның дайындалу кезеңінде жолы кесілді және жүзеге асырылмады (2014 жылы – 3, 2015 жылы – 4, 2016 жылы – 12, 2017 жылы – 11).

Көптеген авторлар экстремизмнің келесі түрлерін, соның ішінде саяси, ұлттық, нәсілдік, этникалық және діни экстремизмді атап өтеді. Сонымен бірге «экстремизмнің» кейбір зерттеушілері жоғарыда аталған экстремизм түрлеріне қосымша: ұлтшылдық, идеологиялық-қылмыстық экстремизмнің түрлерін жатқызады. А.В. Кузьмин экстремизмнің келесі нысанын сипаттайды: ұлтшылдық, ол экстремизм түрі ұлттық, яғни бір ұлттың мүддесін қорғау үшін радикалды тұрғыда іс-әрекеттер жасауы

болып табылады. (Кузьмин А.В., 2011: 153). Экстремизмнің кейбір зерттеушілері, атап айтқанда, О.С. Жукова, Р.Б. Иванченко, В.В. Трухачев экстремизмнің осындай түрін ақпараттық ретінде ерекшелендіреді. Бұдан шығатыны, егер экстремизм қоғамның әлеуметтік қатынастар саласында (саяси, ұлттық, діни және т.б.) көрінсе, экстремизмнің нысаны туралы емес, оның түрі туралы айту керек деп санайды (Жукова О.С., 2007: 54). Сонымен бірге, экстремизмнің жекелеген түрлерге бөлінуі халықтың қоғамдық өмірінің әртүрлі салаларында көрінісіне байланысты шартты сипатқа ие, өйткені экстремизмнің осы сорттарын делимитациялаудағы барлық белгілер бір-бірімен тығыз қарым-қатынаста болады. Сондықтан экстремизмнің оқшау түрлері, соның ішінде діни, әдетте ешқашан «таза» деп аталатын нысанда болмайды.

Айта кету керек, доктриналық деңгейде басқа да пікірлер бар, атап айтқанда А. Хоровинников пайымдауынша, «Діни экстремизм – бұл тиісті догмалармен безендірілген экстремизмнің саяси түрі. (Хоровинников А.А., 2007: 8).

В.Д. Лазаның айтуынша, дінде экстремизм жоқ, өйткені жеке адамның сенімі әртүрлі діндердің негізгі ережелері болып табылады. Осыған байланысты, ол «мемлекет пен азаматтар үшін қазіргі заманғы қоғамда құбылыс ретінде «діни экстремизм» туралы мәселеге дұрыс және ғылыми көзқарас үшін тек саяси пікір қажет деп санайды. Сонымен қатар, бұл автор діни экстремизмнің рухани білімсіздігі негізінде дамып жатқанына баса назар аударады (Лаза В.Д., 2007: 290). Дегенмен, «діни экстремизм саяси мақсаттарды көздемейді және негізінен дінде көрініс табылады» деп есептейді.

Діни экстремизмнің басты мақсаты діннің бастысы ретінде танылу және дінге мәжбүрлеу арқылы басқа діни нанымдарды басу. Сонымен қатар, біз осы жағдайға назар аудару керек деп есептейміз, «әлемдік тәжірибеде конфессиялық орталарда жаппай суицидтердің прецеденттері, адамға қатысты зорлық-зомбылықты, азаптау мен қатыгездік оқиғаларын, жаппай қырып-жоятынды жасау барысында, жауапкершілікті өздері немесе басқа діни топ қабылдаған жағдайлар орын алған. Бұл экстремистік сипаттағы әрекет болып табылады. Әлбетте, бұл экстремизмнің кең тараған түрінің бірі «діни экстремизмі» деп аталады. Осыған орай біз келесідей терминді пайдалану үшін өте әділ деп санайтын ғалымдардың пікірлерімен келісуіміз керек:

С.Н. Поминовтың айтуынша «діни экстремизм» соңғы кездерде қарастырылған экстрем-

измнің тәуелсіз түріне жатқызылады, яғни тұрақты және ұйымдық сипатта болады (Поминов С.Н., 2007: 3).

Бұл автордың пікірімен келісуге болады, себебі «діни экстремизм» Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңына сәйкес Ұлттық қауіпсіздік түрлеріне: 1) қоғамдық қауіпсіздік – қоғамның тұтастығы мен оның тұрақтылығы қамтамасыз етілетін азаматтар өмірінің, денсаулығының және амандығының, қазақстандық қоғамның рухани-имандылық құндылықтарының және әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің нақты әрі ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі; 2) әскери қауіпсіздік – әскери күштерді қолданумен немесе оны қолдану ниетімен байланысты сыртқы және ішкі қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделері қорғалуының жай-күйі; 3) саяси қауіпсіздік – азаматтардың, әлеуметтік топтардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуы және олардың мүдделерінің теңгерімі, мемлекеттің тұрақтылығы, тұтастығы және қолайлы халықаралық жағдайы қамтамасыз етілетін конституциялық құрылыс негіздерінің, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің және мемлекеттік басқару тәртібінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі; 4) экономикалық қауіпсіздік – экономиканың орнықты дамуы және оның тәуелді болмауы қамтамасыз етілетін, Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі; 5) ақпараттық қауіпсіздік – елдің орнықты дамуы және ақпараттық тәуелсіздігі қамтамасыз етілетін, ақпарат саласындағы нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден Қазақстан Республикасы ақпараттық кеңістігінің, сондай-ақ адамның және азаматтың құқықтары мен мүдделерінің, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі; 6) экологиялық қауіпсіздік – қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қауіп-қатерлерден адамның және азаматтың өмірлік маңызы бар мүдделері мен құқықтарының, қоғам мен мемлекеттің қорғалуының жай-күйі болып табылады. Осы заңның 21-бабына сәйкес саяси қауіпсіздікті қамтамасыз ету 1) конституциялық құрылысты құлатуға немесе күштеп өзгертуге, оның ішінде терроризмге, экстремизмге, сепаратизм-

ге және Қазақстан Республикасының біртұтас құрылысына, оның аумағының тұтастығына, қол сұғылмаушылығына және бөлінбестігіне қол сұғатын өзге де іс-әрекеттерге; 2) билікті басып алуға; 3) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңнамасына сәйкес құрылған немесе сайланған (тағайындалған) Қазақстан Республикасының органдары мен лауазымды адамдарының өкілеттігін күштеп тоқтатуға немесе қызметіне кедергі келтіруге; 4) орын алып отырған конфессиялық айырмашылықтар мен түрлі діни көзқарастарды саяси, экстремистік және террористік мақсаттарға пайдалануға шақыруы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді және заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады деп (Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңы).

Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының мақсаты – Діни экстремизмнің зорлық-зомбылық көріністері мен терроризм қауіптерінен адамның, қоғамның және мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ал міндетіне – қоғамда радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті және радикалдық көріністерге мүлдем төзбеушілікті қалыптастыруға бағытталған діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу шараларын жетілдіру; Қазақстан Республикасы халқының радикалдануына сыртқы факторлардың ықпал етуін төмендету; діни экстремизм мен терроризм фактілерін, оның ішінде арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметін қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру жолымен анықтау мен жолын кесудің тиімділігін арттыру; діни экстремизм мен терроризм актілеріне ден қою, сондай-ақ олардың салдарын барынша азайту және (немесе) жою жүйесін жетілдіру болып табылады (Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 15 наурыздағы № 124 қаулысы).

Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңына сәйкес экстремизм – мыналардан тұрады: жеке және (немесе) заңды тұлғаның, белгіленген тәртіппен экстремистік деп танылған ұйымдар атынан жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігінің әрекеттер ұйымдастыруы және (не-

месе) жасауы; Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысын күшпен өзгертуді, егемендігін, оның аумағының тұтастығын, қолсұғылмаушылығын және бөлінбестігін бұзуды, мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетіне нұқсан келтіруді, билікті күшпен басып алуды немесе билікті күшпен ұстап тұруды, заңсыз әскерилендірілген құралым құруды, оған басшылық жасауды және қатысуды, қарулы бүлік ұйымдастыруды және оған қатысуды, әлеуметтік, тектік-топтық алауыздықты қоздыруды (саяси экстремизмді); нәсілдік, ұлттық және рулық алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты алауыздықты қоздыруды (ұлттық экстремизмді; діни өшпенділікті немесе алауыздықты, оның ішінде зорлық-зомбылықпен немесе зорлық-зомбылыққа шақырумен байланысты өшпенділікті немесе алауыздықты қоздыруды, сондай-ақ азаматтардың қауіпсіздігіне, өміріне, денсаулығына, имандылығына немесе құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін кез келген діни практиканы қолдануды (діни экстремизмді) көздейтін әрекеттер ұйымдастыруы және (немесе) жасауы; экстремизмге қарсы іс-қимыл – мемлекеттік органдардың адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, конституциялық құрылыс негіздерін, Қазақстан Республикасының тұтастығы мен ұлттық қауіпсіздігін экстремизмнен қорғауды қамтамасыз етуге, экстремизмнің алдын алуға, оны анықтауға, оның жолын кесуге және салдарларын жоюға, сондай-ақ экстремизмді жүзеге асыруға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтауға және жоюға бағытталған қызмет; 3) экстремизмді қаржыландыру – жеке тұлғаның не адамдар тобының не заңды тұлғаның іс-әрекетінің экстремистік сипатын не берілген мүліктің, көрсетілген ақпараттық, қаржылық және өзге де қызмет түрлерінің экстремизмді жүзеге асыру не экстремистік топты, экстремистік ұйымды, заңсыз әскерилендірілген құралымды қамтамасыз ету үшін пайдаланылатынын көрінеу ұғынып жасаған адамның оларға ақшаны және (немесе) өзге де мүлікті, мүлікке құқықты немесе мүліктік сипаттағы пайданы беруі немесе жинауы, сондай-ақ сыйға тартуы, айырбастауы, қайырмалдық жасауы, қайырымдылық көмегі, ақпараттық және өзге де қызмет түрлерін көрсетуі не қаржылық қызметтер көрсетуі; экстремизмнің профилактикасы – экстремизмнің алдын алуға бағытталған құқықтық, ұйымдастырушылық,

тәрбиелік, насихаттық және өзге де шаралар жүйесі; экстремистік әрекеттер – экстремистік мақсаттағы әрекеттер жасауға жария түрде шақыруды, экстремистік ұйымдардың нышандарын насихаттауды, үгіттеуді және көпшілікке жария көрсетуді қоса алғанда, осындай әрекеттерді тікелей іске асыру; экстремистік әрекеттерді ұйымдастыру – экстремистік әрекеттерге басшылық ету, экстремизмді қаржыландыру, экстремистік мақсатта адамдарды азғырып тарту, құралдар мен қарулар жасау және иемдену, сондай-ақ жеке және (немесе) заңды тұлғалардың, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестіктерінің экстремизмді жүзеге асыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған басқа да әрекеттері; экстремистік материалдар – экстремистік әрекеттердің белгілерін және (немесе) оны жүзеге асыруға шақыруды қамтитын не оларды жасау қажеттігін негіздейтін немесе ақтайтын кез келген ақпараттық материалдар; экстремистік топ – бір немесе бірнеше экстремистік қылмыс жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ; экстремистік ұйым – экстремизмді жүзеге асыратын және сот экстремистік деп таныған заңды тұлға, жеке және (немесе) заңды тұлғалар бірлестігі (Экстремизмге қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 18 ақпандағы N 31 Заңы).

С.В. Беликов пен С.М. Литвиновтың пікірінше «діни экстремизм» ұғымы екі компоненттен тұрады: экстремизм мен дін. «Экстремизм» сөзі өте ертеде пайда болған. Еуропаның шет елдерінің лексикалық терминологиясында бұл сөз XVII ғасырда латын тілінен шыққан. Сол кезеңде «extrem» термині «шеткі», «аяғында» деген ұғымдарын білдірді (Беликов С.В., 2010:63).

Ю.С. Горбунов сөзінше экстремизм, терроризм және ксенофобия сияқты құбылыстар жаһандану дәуірінің басталуына дейін пайда болғанын атап өтті. Өз кезегінде әртүрлі адамгершілікке қарсы төзімсіздік көріністері әрқашан адамзаттың сүйемелдеуімен, бірақ бұл терминмен белгіленбеген. XIX-XX ғғ. бұл құбылыстар (экстремизм) негізінен саяси сипатта болды (Горбунов Ю.С., 2008: 35).

Н.Э. Макаров пен Т. Дондоков атап өткендей, «экстремизм» термині он тоғызыншы ғасырдың ортасынан бастап саяси ғылымда қолданыла бастады. Алдымен антмонархиялық бағыттың саяси үрдістеріне қолданылды деп есептейді (Макаров Н.Е., 2005: 24). Бұдан басқа, «экстремизм» термині, «радикализм» терминімен бірге, саяси қарсыластарына қарсы,

олардың қызметінің сипаты мен көзқарастарына қарамастан қолданылды (біз бүгінгі таңда бұл саясатта әлі де бар екенін атап көрсетеміз). Ғылыми термин ретінде «экстремизм» термині 20-шы ғасырдың басында қолданылатын алғашқылардың бірі Француз заңгері М. Лерой болды, ол осындай саяси үрдістердің негізгі айырмашылығын саяси идеалдар деп атайтын өзінің абсолюттік сенімін ұстаушылардың талабын атады. Сол уақытта саяси экстремистік күштердің мысалдары ретінде М. Лерой «қызыл экстремизм» большевиктерді және «ақ экстремизм» монархистерді атады (Макаров Н.Е., 2005: 25).

Алайда, 18-ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басы сияқты, экстремизмнің құбылыс емес, ақ және қызыл террорлар терминдері 1815 жылы «ақ террор» термині пайда болды, бұл уақыт кезеңін емес, Франциядағы контрреволюцияның, атап айтқанда роялистердің Борбонның ақ туы астында жасаған зорлық-зомбылық саясаты деп тұжырымдайды. Кейбір зерттеушілер «ақ террордың» пайда болуын 1794, 1795 жылы якоюинцтер, сонжюлоттарға қарсы зорлық кезеңіне жатқызады. Осылайша, сол уақытта террорды контрреволюциялық (ақтар) және революциялық (қызылдар) деп бөлісу болды».

Т.А. Корниловтың айтуынша, «экстремизм» термині мемлекеттің теориясы туралы алғаш рет қолданыла бастады және XIX ғасырдың ортасынан бастап «extremism» және «extremist» терминдері Англияда қолданылып, саяси баспасөзде кеңінен пайдаланылды деп есептейді. Америка Құрама Штаттарында бұл тұжырымдамалар Азаматтық соғыс кезінде пайда болды (1861-1865), оңтүстік пен солтүстіктің соғысушы тараптарының ымырасыз өкілдері «елдің екі жағындағы экстремистер» деп аталды. Франциядағы «экстремизм» ұғымы Бірінші дүниежүзілік соғыста (1914-1918), яғни бір-біріне бірнеше ондаған жылдар бойы қарсыласқаннан кейін, өте күшті және оң жақ қанатты саяси күштерге айналды (Корнилов Т.А., 2011: 25).

Осылайша, зерттеушілер арасында «экстремизм» термині қандай жыл мен ғасырда пайда болғаны туралы ортақ пікір жоқ, өйткені кейбір авторлар бұл тұжырымдама XVII ғасырда пайда болған деп санайды, ал екіншісі бұл терминді 19 ғасырдың екінші жартысына жатқызды, бірақ «экстремизм» ғылыми термин 20 ғасырдың басында алғаш рет қолданылған. Француз заңгері М. Лерой негізгі саяси үрдістерді анықтаған кезде, оның жақтастары белгілі бір саяси мақсаттарға

ұмтылды, бұл ұмтылыстың ең жоғары объектісі болып табылады деп есептеді.

Шетел сөздерінің сөздігі, сондай-ақ орыс тілінің түсіндірме сөздігі экстремизмді «төтенше көзқарастар мен шараларды сақтау» деп анықтайды деген ұғымды білдіреді (Новейший словарь иностранных слов и выражений, 2007: 936).

Шанхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенцияға сәйкес экстремизмнің келесі анықтамасы сипатталады: «экстремизм» – саяси, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни қақтығыстарды күшпен және басқа да конституцияға қайшы келетін әрекеттер арқылы шешуге бағытталған идеология және практика» адамдардың саяси, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық және діни тиесілігінің белгілері бойынша олардың айрықшылығын, артықшылығын не толыққанды еместігін насихаттау және де осы іс-әрекеттерді жүзеге асыруға жария түрде шақыру, экстремизмді насихаттау мақсатында экстремистік материалдарды жаппай дайындау, сақтау және тарату болып табылады (Шанхай ынтымақтастық ұйымының экстремизмге қарсы іс-қимыл жөніндегі конвенциясына қол қою туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 6 маусымдағы № 492 Жарлығы).

Жоғарыда аталған «экстремизм» халықаралық анықтамасын талдаудан бұл терминді билікті күштеп тартып алу, билікті мәжбүрлеп ұстау, конституциялық тәртіптің өзгеруі деп түсіну керек.

Қазақстан Республикасы аумағында тыйым салынған террористік және экстремистік ұйымдар тізіміне енген шетелдік ұйымдар: Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2004 жылғы 15 қазандағы шешімі негізінде: «Әл-Қаида» «Шығыс Түркістанның ислам қозғалысы» «Өзбекстанның ислам қозғалысы» «Күрттер Халық конгресі» («Конгра-Гел») Жоғарғы Соттың 2005 жылғы 15 наурыздағы шешіміне сәйкес «Асбат әл-Ансар» «Мұсылман бауырлар» «Талибан» қозғалысы «Боз гурд», «Орталық Азия моджахедтерінің жамағаты» «Лашкар-е-Тайба» «Әлеуметтік реформалар қоғамы». Астана қаласы сотының 2005 жылғы 28 наурыз шешімімен «Хизб-ут-Тахрир» ұйымы. Астана қаласы сотының 2006 жылғы 17 қараша шешімімен «АУМ Синрикё», «Шығыс Түркістанды азат ету ұйымы». Астана қаласы сотының 2008 жылғы 5 наурыз шешімімен «Түркістан ислам партиясы. Алматы қаласының арнайы маманданған ауданаралық экономикалық сотының 2008 жылғы 5 ақпан

шешімімен «Аллия-Аят» Алматы қаласының арнайы маманданған ауданаралық экономикалық сотының 2009 жылғы 5 ақпан шешімімен «Ата жолы». Атырау қаласы сотының 2011 жылғы 25 қараша шешімімен «Джунд-әл-Халифат». Шығыс Қазақстанның арнайы маманданған ауданаралық экономикалық сотының 2012 жылғы 7 маусым шешімімен «Сенім. Білім. Өмір» РҚБ. Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2013 жылғы 18 тамыз шешімімен «Таблиғи жамағат». Астана қаласы Сарыарқа аудандық сотының 2014 жылғы 18 тамыз шешімімен «Ат-такфир-уаль-Хиджра». Астана қаласы Есіл аудандық сотының 2015 жылғы 15 қазан шешімімен «Ислам мемлекеті» (ИШИМ, ДАИШ, ИМ), «Ән-Нусра майданы». 13.03.2018 Астана қаласы Есіл аудандық сотының шешімімен «Қазақстанның демократиялық таңдау» «ДВК» ұйымы экстремистік ұйымдар деп танылды (<https://din.diakom.gov.kz/kk>).

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының аумағында алып келуге, басып шығаруға, таратуға тыйым салынған экстремистік белгілері бар діни әдебиеттер мен ақпараттық материалдардың жалпы саны 759 болып табылады, оларға: «Ұлылық жолы», Юсуф Ас-Саботин кібаты, «Хизбут Тахрирдің Ислами Үмметке, соның ішінде, ондағы күш иелеріне жолдаған үндеуі», «Ислами тұлға», Тақауддин Набахони кітабы және т.б. жатқызылады. Олар Қазақстан Республикасының аумағында экстремистік әдебиеттер мен ақпараттық материалдар деп соттың шешімімен танылды (<http://prokuror.kz>).

